

Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 74 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 25 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3513. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 352 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2010.12.31 № 352 (ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысын орындау үшін және әділет органдарының Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру және тіркеу мәселелері жөніндегі қызметін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымша беріліп отырған Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалалары Әділет департаменттерінің бастықтары:

1) Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу жөніндегі жұмысты жүзеге асыратын қызметкерлердің Нұсқаулықты зерделеуін ұйымдастырсын, оның талаптарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етсін;

2) әділет органдарының аумақтық бөлімшелерін қажетті бланктермен және белгіленген үлгідегі журналдармен қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитетінің төрағасы М.Т.Таймерденовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

К е л і с і л д і

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б а с п р о к у р о р ы н ы ң о р ы н б а с а р ы -
Б а с п р о к у р а т у р а н ы ң Қ ұ қ ы қ т ы қ
с т а т и с т и к а ж ә н е е с е п к е а л у

комитетінің төрағасы

1 наурыз 2005 жыл

Қ а з а қ с т а н К е л і с і л д і
Ұ л т т ы қ қ а у і п с і з д і к Р е с п у б л и к а с ы
Ш е к а р а к о м и т е т і н і ң
Қ ы з м е т і

Директорының орынбасары

1 наурыз 2005 жыл

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 4 н а у р ы з д а ғ ы
N 7 4 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

**Қазақстан Республикасының халқын
құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет
органдарының қолдануы жөніндегі
НҰСҚАУЛЫҚ**

1. Жеке басты куәландыратын құжаттарды беру

Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін әділет органдарының қолдануы жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы", "Халықтың көші-қоны туралы", "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ол Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу мәселелерін реттейді.

Ескерту. Бірінші бөлімге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

1. Әділет органдары Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке басын куәландыратын мынадай құжаттар береді:
Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар иесінің қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде, ал Қазақстан Республикасы азаматының паспорты сонымен қатар ағылшын тілінде толтырылады.

2. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты олардың қалауы бойынша жасына қарамастан жарамдылығы он жыл мерзімге беріледі. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шыққан кезде жеке басын куәландыратын құжат болып табылады. Азаматтың өтініші бойынша паспорттың жарамдылық мерзімін оны тіркеген жері бойынша облыстық, Астана және Алматы қалаларының Әділет департаменттері паспорттың 30-бетіне тиісті жазбасы бар мөртаңба (1-қосымша) қою арқылы тұрғылықты жері бойынша тағы бір жыл мерзімге ұзартуы мүмкін, ол елтаңбалы мөрмен бекітіледі және халықты құжаттандыру және тіркеу қызметіне жетекшілік ететін Әділет департаменті бастығы орынбасарының немесе халықты құжаттандыру және тіркеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бөлімі бастығының қолымен куәландырылады. Қазақстан Республикасының елден шалғай жерлерде тұрып жатқан азаматтарына ҚР азаматы паспортының жарамдылық мерзімін Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері ұзартады. Егер паспорттың 30 беті пайдаланылған жағдайда, мөртаңба паспорттың келесі бос бетіне қойылады.

Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі азаматтарға 16 жастан бастап беріледі және ол республика аумағында жарамды. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын барлық азаматтардың жеке куәлігі болуы тиіс.

Жеке куәлік мынадай жарамдылық мерзімдеріне:
16 жастан 25 жасқа дейін;
25 жастан 45 жасқа дейін;
45 жастан өмірлік беріледі.

Жеке куәлікте:
тегі, аты, әкесінің аты;
туған күні мен туған жері;
ұлты (иесінің қалауы бойынша көрсетіледі);
заңды мекен-жайы;
куәлікті берген органның атауы;
берілген күні; жарамдылық мерзімі, куәліктің коды және штрих коды
көрсетіледі;

жеке сәйкестендіру нөмірі (бір рет беріледі және өзгерусіз қалады).
Жаңа тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелген жағдайда жеке куәлік

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары жеке куәлік жоғалған жағдайда немесе оның одан әрі пайдалану үшін жарамсыздығына байланысты азаматтардың өтініші бойынша жеке басын куәландыратын жаңа құжаттар алғанға дейін жарамдылық мерзімі 3 айға дейінгі уақытқа уақытша жеке куәлік беріледі (2-қосымша). Бұл мерзім иесінің арызы бойынша тағы 3 айға дейін ұзартылуы мүмкін.

Уақытша жеке куәлік әділет органының уәкілетті қызметкерінің қолымен түсінікті етіп толтырылады.

Толтыру азаматтың қалауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жүргізіледі және ол жеке куәліктегі мәліметтерді қамтиды.

"Туған жері" деген бағанда облысы және ауданы, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде туғандар үшін - елі, ал "тұрғылықты жері" деген бағанда облысы, ауданы және елді мекені көрсетіледі.

"Туған күні", "берілген күні", "дейін жарамды" деген бағандарда күні, айы, жылы цифрмен көрсетіледі (мысалы: 26.01.2004). Беру және жарамдылық мерзімін ұзарту әділет органының уәкілетті қызметкерінің қолымен және елтаңбалы мөрімен расталады.

"Құжатты берген орган" деген бағанда тиісінше құжатты берген әділет органының бөлімшесі көрсетіледі.

Уақытша жеке куәлікке көлемі 3,5 x 4,5 сантиметр (бұдан әрі - см) иесінің фотосуреті жапсырылады, ол әділет органының елтаңбалы мөрімен бекітіледі.

Уақытша куәлікті беру және оның жарамдылық мерзімін ұзарту азаматтарға берілген уақытша жеке куәліктерді (бұдан әрі - УЖК) тіркеу журналында тіркеледі (3 қосымша).

Уақытша жеке куәлік Қазақстан Республикасының аумағында жарамды және қысқа уақытқа қолданылатын құжат болып табылады.

5. Жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ уақытша жеке куәліктерді бергені үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген көлемде мемлекеттік баж алынады.

2. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды дайындау үшін 1-нысандағы арыздарды ресімдеу

6. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және жеке куәлігін дайындау үшін 1-н арызы ресімделеді (4-қосымша).

Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын азаматтарға 1-н арыз олардың тұрақты тіркелген жері бойынша Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (бұдан әрі - ХҚО), ал ХҚО жоқ жерлерде, Қазақстан Республикасының әділет органдарының құжаттандыру және халықты тіркеу бөлімшелерінде ресімделеді. Қосымша тексеруді қажет ететін (жеке басын тексеру және азаматтығын анықтау) және мынадай себептермен келген: 1974 жылғы үлгідегі (КСРО) паспортты ауыстыру немесе оны жоғалтқаны бойынша қалпына келтіру; алғаш рет Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжатын алу үшін дер кезінде өтініш бермегенде 1-н арыздары әділет органдарының құжаттандыру және халықты тіркеу бөлімшелерінде ресімделеді. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы 1-н арыздар Қазақстан Республикасының мына азаматтарына ресімделеді: ҚР тыс жерлерде тұрақты тұрып жатқандарға; шет мемлекеттердің аумағында орналасқан оқу орындарында күндізгі оқу нысанында білім алушыларға; шет мемлекеттерде кемінде бір жыл мерзімге жасалған еңбек шарты бойынша жұмыс істеп жатқандарға; көрсетілген адамдардың олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне; шетелде дипломатиялық қызметтің персоналымен бірге тұратын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дипломатиялық немесе қызметтік паспортты алуға құқығы жоқ дипломатиялық қызмет персоналының т у ы с қ а н д а р ы н а .

Қазақстан Республикасының азаматтары паспорттар мен жеке куәліктерді алу мәселесі бойынша тікелей өтініш жасаған кезде, 1-н арызды ресімдеуді және дайын құжаттарды беруді, сондай-ақ паспорттың жарамдылық мерзімін ұзартуды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті (бұдан әрі - ҚР Әділетмині ТҚК) жүргізе алады.

Тұрақты тұратын жері болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы азаматына жеке басын куәландыратын құжаттарды әділет органдары растаған уақытша тұратын жері бойынша, ал заңнамада көзделген тәртіппен ішкі істер органдары растайтын нақты тұратын жері бойынша беріледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

7. 1-н арызы нөмірі мен штрих коды бар қатаң есептегі баспаханалық бланк, бірыңғай ақпаратты деректер базасына енгізілетін ақпарат тасушы болып табылады және одан әрі жеке тұлғаның берген құжаттарының мекен-жай-анықтамалық жұмысымен сәйкес келуі мақсатында пайдаланылады.

8. 1-н арыздар бланкілері реттік нөмірлері бойынша паспорттарды, жеке куәліктерді дайындау үшін 1-н арыздарының есебі 2-н кітаптарында (5 қосымша) есепке алынады.

9. 1-н арыз қара, қара көк немесе күлгін түсті сиялы шарикті қаламмен толтырылады. 1-н арыздағы деректерді түзету туралы 1-н арыздың сыртқы бетіндегі бос орынға жазба жазылады, түзетілген жазба көрсетіле отырып, ол уәкілетті қызметкердің қолымен және елтаңбалы мөрмен дұрыс жазбаның көшірмесін жасап куәландырылады.

10. Паспортты, жеке куәлікті алуға арналған түбіртек 1-нысандағы арыз бланкісі толтырылғаннан кейін одан бөліп алынады және арызданушыға беріледі.

11. Жаңа паспорттар мен жеке куәліктер алғанға дейін бұрынғы құжаттары а л ы н б а й д ы .

Азаматтың өтініші бойынша шет мемлекеттің қолданыстағы визасы бар ауыстырылуға тиіс паспорт алынбайды. Бұл ретте жарамсыз паспорт (паспорттың бір жақ шетін тескішпен тесу арқылы) өтелуге тиіс, паспорт иесіне паспортты кейіннен тіркелген жері бойынша әділет органына тапсыру қажеттігі туралы хабарланады. 1-н арыздың артқы бетіне тиісті белгі қойылады. Құжаттың жарамсыздығы туралы мәлімет Нұсқаулықтың 17-тармағында айқындалған т ә р т і п п е н ж і б е р і л е д і .

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

12. 1-н арызды толтырудың негізділігі мен дұрыстығы 1-н арызын толтырған қызметкердің (ХҚО операторы) қолымен оған берілген дербес коды көрсетіліп куәландырылады. Құжаттандыру және халықты тіркеу бөлімшелері мен ХҚО операторларының дербес кодтары төрт таңбалы әріп-санды индекстерден тұрады , ондағы 1-ші белгі (латын әрпі) - облыс коды, 2-ші белгі (латын әрпі) - ауданның коды, 3 және 4-ші белгі - өңір ішінде 1-нысан арыздарын ресімдеуге жіберілген қызметкердің тіркеу нөміріне сәйкес келетін 00 ден - 99 дейінгі араб сандары. 1-н арыздарды ресімдейтін қызметкерлер (ХҚО операторы) ауысқан кезде, олардың дербес кодтары жарамсыз деп есептеледі. Бұл ретте жаңадан тағайындалған маманға кодтың алғашқы екі белгісін өзгеріссіз қалдырып, осы бөлімшедегі пайдаланылмаған бос реттік нөмірлердің ішінен келесі код белгісі беріледі. Қызметкерлерге (ХҚО операторларына) берілген кодтар туралы мәлімет ҚР Әділетмині ТҚК - ге ж о л д а н а д ы .

Дербес кодтардың әріптік индекстерін ҚР Әділетмині ТҚК береді, ал сандық индекстерді Әділет департаменттерінің халықты құжаттандыру және тіркеу жұмысын ұйымдастыру бөлімдері жаңартады және Департаменттердің б а с т ы қ т а р ы б е к і т е д і .

1-н арызды өздерінің дербес кодтарымен толтырған және куәландырған

әділет органдарының мамандары, ХҚО операторлары, сондай-ақ 1-н арызды ресімдеген ҚР шет елдердегі мекемелерінің қызметкерлері 1-н арызға енгізілген мәліметтердің дұрыстығы мен оны ресімдеудің негізділігіне дербес жауап береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

13. 1-н арызды ресімдеу кезінде 1-н арыздар картотекасы бойынша арызданушыда бұрын берілген құжаттардың бар-жоғын тексеру жүзеге асырылады. Бұл ретте 1-н арыздардағы деректер және фотосуреттердің ұқсастығы салыстырылады.

14. 1-н арызын ресімдеу туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының азаматтары тұрғылықты тұратын жерінде тіркелгенін растайтын азаматтарды тіркеу кітабын, құжат үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек, фотосуреттерді және төменде аталған құжаттардың бірін ұ с ы н у ы к а ж е т :

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты;
бұрынғы КСРО жалпы азаматтық шетел паспорты;
офицердің жеке куәлігі (бұрын жеке басының құжаттары болмаған әскери қ ы з м е т ш і л е р ү ш і н ғ а н а) ;
қайтуға берілген куәлігі;
белгіленген нысандағы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау т у р а л ы а н ы қ т а м а ;
бостандығынан айыратын жерден босатылғаны туралы анықтама;
қабылдау-тарату бөлімінің арнайы қаулысы.

Бұл ретте мыналарды басшылыққа алған жөн:

1) 1-н арызды тек жеке куәлікке ресімдеген жағдайда көлемі 3,5 x 4,5 см. екі фотосурет ұсыну қажет. 1-н арызды жеке куәлікті паспортпен бірге немесе тек паспортқа ресімдеу кезінде арызданушы үш фотокарточка ұсынуы қажет.

Фотосурет арызданушының құжат ресімдеу кезіндегі жасына сәйкес, қатаң түрде жарық жерде алдынан түсірілген болу керек, бұл ретте адамның беті фотосуреттің жалпы көлемінің 75 % жуығын алуы тиіс. Фотосуреттер фотобаспа әдісімен бір негативтен қалың фотоқағазда басылуы қажет. Компьютерлік сканерлеу және модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді.

1-н арыздың сыртқы бетінде арыз берушінің фотосуреті жапсырылады және әділет органы құжаттандыру және тіркеу бөлімшесінің елтаңбалы мөрімен к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Фотосурет карточкалары:

1-н арыздың алдыңғы бетінде арнайы бөлінген орынға;
1-н арыздың сыртқы бетінде елтаңбалы мөрмен куәландырылған 18-жолдың қатарына жапсырылады. Мөр бедері анық, еркін оқылатын болуы керек, бұл ретте мөр нөмірін фотосуретке емес бланкіге қою керек;
паспортты дайындау кезінде үшінші фотосурет 1-н арыздың фотосуретке арналған қалтасына орналастырылады.

2) 1-н арызда арызданушының қолы өз қолымен қара, көк немесе күлгін түсті сиялы шарикті қаламмен қойылады. Сия және капилляр (гельді) қаламдарды пайдалануға жол берілмейді. 1-н арызды ресімдеу кезінде:
16 жасқа дейінгі балаларға;
мүгедектігі бойынша, сауатсыздығына байланысты әрекетке қабілетсіздерге;

ерекше жағдайларда, қол қоюдан бас тартқандарға (тергеу-қамауға алынғандар, тергеудегі адамдар) 1-н арызға қол қоймауларына болады. Көрсетілген жағдайларда қол қоюға арналған баған бос қалдырылады, дәлелдейтін құжаттың көшірмесі (зейнеткердің мүгедектігі жөніндегі куәлігі, денсаулығы туралы анықтама, құқық қорғау органының актісі) алынады, арыздың келесі бетіндегі бос орынға қол қойылмау себебін көрсету қажет.

Ескерту. 2) тармақша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

3) 1-н арызды толтыру кезінде арызданушының тегі, аты, әкесінің аты және басқа да деректері, сондай-ақ елді мекеннің және құжаттарды берген органдардың атауы 1-н арызды ресімдеу үшін негіз болып табылатын құжаттардағы жазбаларға сәйкес жазылады, бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендердің атауы қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлінуге сәйкес жазылады;

4) барлық кодтар, сондай-ақ тіркелген жерінің мекен жайы және оларда қабылданған қысқартулар кодтар мен қысқартулардың анықтамалықтарына сәйкес көрсетіледі (6 қосымша). Кодтар мен қысқартулардың анықтамалықтары өзгерген жағдайда орталықтырылған түрде жеке өкімхатымен жіберіледі.

5) 6, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-жолдардағы күндер сандармен мынадай ретпен қойылады: жылы, айы, күні. Мысалы: 2004.01.21.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет Министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 338 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

15. Туу туралы куәліктің негізінде 16 жасқа толған азаматтарға жеке басын куәландыратын құжаттар ресімдеу кезінде ата-анасының бірінің (

қорғаншысының, қамқоршысының) жеке куәлігі және ата-анасының (қорғаншысының, қамқоршысының) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын азаматтарды тіркеу кітабы ұсынылады.

16. Жеке басты куәландыратын құжаттар алу үшін қолдаухатпен алғаш рет өтініш білдірген және туу туралы куәлігін ұсынған 18 жастан асқан адамдарға 1-н арызды ресімдеу туралы шешім олардың жеке басын тексеріп, Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығын анықтағаннан кейін қабылданады. Уәкілетті қызметкер арызданушыдан дер кезінде жеке басты куәландыратын құжатын алмау себебі туралы түсініктемесін, толық өмірбаянын, туу туралы куәлігінің көшірмесін қабылдайды, ұсынылған туу туралы куәлігін растау үшін АХАЖ органынан акт жазбасының көшірмесін, әскери есеп туралы мәліметті (әскери билеті немесе әскерге шақырту куәлігінің көшірмесі) сұратады, азаматтың жақын туыстарын (бір немесе одан да көп), немесе оны ұзақ уақыт білетін (екі адамнан кем емес) адамдарды тарту арқылы оның жеке басын растау анықтамасы (41 - қосымша) толтырылады.

Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығына қатыстылығын растау талап етілгенде қосымша құжаттар жиналады.

Жеке басын тексеру туралы қорытынды (42-қосымша) шығарылғаннан кейін материалдар жеке номенклатуралық іске тігіледі.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттары және Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тіркеуде жоқ 18 жастан асқан адамдар, Қазақстан Республикасы азаматтығына қатыстылығын анықтау үшін аумақтық ішкі істер органдарының көш-қон полициясы бөлімшелеріне өтініш білдіреді.

Ескерту. 16 тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

17. 1-н арызды толтыру кезінде мынаны басшылыққа алу қажет.

"ЖЕКЕ КУӘЛІК, ПАСПОРТ БЕРУГЕ АРЫЗ" деген нөмірсіз жол тапсырыс берілетін құжаттың түріне сәйкес жеке куәлік және паспорт үшін латынша "N" бас әрпін қою арқылы толтырылады. Егер арызданушы тек жеке куәлік немесе тек паспорт алса, екінші жол толтырылмайды.

"ЖЕКЕ КУӘЛІК, ПАСПОРТ" деген 1-жолда 1-н арызды ресімдеудің бір немесе бірнеше себептерінің (7 кодқа дейін) коды көрсетіледі, мысалы құжатты ауыстыратын жасқа толуы "02", тегін өзгертуі "04", жеке куәліктің жоғалуы "09", мекен жайын ауыстыруы "10" және т.б.

1-ақпараттық жолдағы кодтар мынадай тәртіпте көрсетіледі:

"00" коды 1-н арызды 16 жасқа дейінгі балаларға паспортты беруге ресімдеу кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәлігінің деректері жазылады. Паспортты берген кезде туу туралы куәлікте құжаттың нөмірі және

оны берген күні көрсетіледі.

"01" коды 16 жасқа толған азаматтар үшін көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәлігінің деректері жазылады.

Егер азамат 16 жасқа толғанға дейін паспорт алған болса, 16 жасқа толғанда 1-н арызды ресімдеу кезінде 9, 10, 11-жолдарда оның паспортының деректері көрсетіледі, ал 1-н арыздың сыртқы бетіндегі бос орынға туу туралы куәлігінің деректері жазылады. Паспортты, жеке куәлікті берген кезде туу туралы куәлікте құжаттардың нөмірі және оны берген күні көрсетіледі.

"02" және "03" кодтары тиісінше 25 және 45 жасқа толғанда жеке куәлікті алуға 1-н арызды ресімдеу кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда арызданушының бұрынғы жеке куәлігінің деректері жазылады.

"04" коды арызданушы тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда арызданушының бұрынғы жеке куәлігінің деректері, ал 5-жолда арызданушының бұрынғы тегі, ал 3 және 4 жолдарда өтініш берушінің әкесінің аты жазылады. Азаматтық хал актілеріне өзгерістер енгізе отырып азаматтың тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда 1-н өтінішінің екінші жағындағы бос орында АХАЖ органының құжатының деректері көрсетіледі.

"05" коды арызданушы туған күнін өзгерткен кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда арызданушының бұрынғы жеке куәлігінің деректері жазылады. 1-н арыздың сыртқы бетіндегі бос орында туған күнін өзгертуі туралы АХАЖ органдары куәлігінің деректері көрсетіледі. Әділет органының құжаттандыру мәселелері жөніндегі маманы туған жылын өзгертудің дұрыстығын нақтылау үшін акт жазбасының көшірмесін сұратады.

Анықтамалық деректерін өзгерту негізінде ("04", "05" коды) жеке куәлік, паспорт алуға 1-н арызын ресімдеу осы мәселе бойынша қорытынды (43-қосымша) шығарылғаннан кейін жүргізіледі.

"06" коды жеке басын куәландыратын құжаттарда жіберілген қателер табылған жағдайда көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда қате табылған жеке куәліктің немесе паспортының, егер ол жеке куәліктен бөлек ресімделсе, деректері жазылады. Дайындалған жеке басын куәландыратын құжаттарда өндірістік ақауға жол берілген жағдайда жаңадан ресімделген 1-н арызбен бірге бұрынғы 1-н арызды және жіберілген қатесі бар құжатты ҚР ӘМ ТҚК-ға жіберген жөн. Бұл ретте олар жалпы тізімге енгізілмей, жеке тізіліммен жіберіледі. Жаңа құжат дайындалғаннан кейін бұрынғы (қатесі бар) құжат өндірістік ақау ретінде "Ақпаратты-өндірістік орталық" Республикалық мемлекеттік кәсіпорнында (бұдан әрі - "АӨО" РМК) жойылады, ал екі 1-н арыз дайындалған құжатпен бірге ресімделген жері бойынша қайтарылады. Егер қателерге әділет органдары құжаттандыру және тіркеу бөлімшелерінің немесе 1-

н арызды толтырған басқа да уәкілетті органдар қызметкерлерінің кінәсінен жол берілген болса, онда ҚР ӘМ ТҚК-ға қате табылған жол көрсетіле отырып, нақты еместігі туралы сыртқы бетіне жазба жазылып, 1-н арыз жіберіледі. Жазба уәкілетті қызметкердің қолымен куәландырылады және елтаңбалы мөрмен бекітіледі. Қатесі бар құжат әділет органында осы Нұсқаулықтың 48-тармағында белгіленген тәртіппен жойылады.

Өтініш берушінің "АӨО" РМК-ның деректер қорындағы фотосуреті оның жеке басын куәландыратын құжатындағы фотосуретімен сәйкес келмейтіндігі анықталған кезде, маман жеке басты растау анықтамасын жасай отырып, құжатталушының жеке басы мен құжаттағы фотосуретінің сәйкессіздік себептеріне міндетті тексеру жүргізеді, содан кейін қорытынды шығарады және 1-н арызбен, жарамсыз құжатты жою туралы актімен бірге ҚР Әділетмині ТҚК-ге жіберіледі.

Тегін, атын, әкесінің атын, жерін, туған күнін ауыстыруға байланысты 1-н арызын ресімдеген кезде Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығымен бекітілген Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2843 болып тіркелген Арнайы есептердің жекелеген түрлерін жүргізу және пайдалану ережесінің (бұдан әрі - Арнайы есептерді жүргізу ережесі) 27-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - ҚСЖАЕК) аумақтық басқармасына анықтау деректерін (тегін, атын, әкесінің атын, ұлтын, туған күні және жерін) өзгертуге байланысты аудандық және қалалық әділет органдарына жеке басты куәландыратын құжаттарды ауыстыру мәселесі бойынша өтініш білдірген азаматтар туралы мәліметтер әр айдың 15 және 30 күні бұйрықпен белгіленген нысанда жолданады.

Құжаттандыру мәселесі бойынша азаматтар жүгінген барлық жағдайларда, нақты мән-жайларға байланысты ұсынған құжаттың түпнұсқа екендігі күмән тудырса, сондай-ақ 1-н арызды негізсіз ресімдеу анықталған кезде, құжатталатын адамның жеке басын тексеру:

онымен бірге тұрған және жұмыс істеген адамдардың тануына ұсыну үшін фотосуретті жібере отырып, бұрынғы мекен жайлары, жұмыс орындары бойынша;

ата-аналарының, туысқандарының немесе бұрыннан тұратын адамдардың тануына ұсыну үшін тексерілетін адамдардың фотосуретті жібере отырып және қажет болған жағдайда Азаматтық хал актілерін жазу органдарынан (бұдан әрі - АХАЖ) туу туралы акт жазбасының көшірмесін талап ете отырып, туған жері бойынша жүргізіледі. Егер ата-аналары немесе туысқандары тексерілетін адамдардың туған жерінде тұрмаса, онда фотосурет карточкаларымен сұрау

салулар олардың нақты тұратын жерлеріне жіберіледі;
тиісті мемлекеттік мұрағаттар бойынша;
ішкі істер органдарының жедел және криминалистикалық есептері бойынша;
жергілікті әскери басқарма органдарының есебі бойынша;
Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының ҚСЖАЕК есебі бойынша;
мекен-жай бюросы бойынша жүргізіледі.

Жоғарыда аталған адамдарға 1-н арыздарды ресімдеу және құжаттар беру олардың жеке басын анықтау жөніндегі тексеру аяқталғаннан кейін және қорытынды шығарылғаннан кейін жүргізіледі. Жүргізілген жеке басын тексеру жөніндегі материалдар жеке номенклатуралық іске тігіледі.

"07" коды құжат пайдалануға жарамсыз болған жағдайда (бүлдіру, ескіру, паспорттың барлық беттерін пайдалану) көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда жарамсыз құжаттың деректері жазылады.

"08" коды азамат өзінің ұлтын өзгерткенде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке куәліктің (немесе паспорттың - шетелде тұратындар үшін) деректері жазылады, ал 1-н арыздың артқы бетінде уәкілетті қызметкердің қолымен және елтаңбалы мөрмен расталған ұлтты өзгерту бойынша қорытындының нөмірі мен күні қойылады. 8-жолда арызданушының жаңа ұлты, ал 8-жолдың астына бұрынғы ұлты жазылады. Сондай-ақ "08" коды азамат жеке басын куәландыратын құжаттарда ұлтын көрсеткісі келмеуіне байланысты, оларды ауыстырғанда 1-н арызды ресімдеу кезінде көрсетіледі. Бұл жағдайда қорытынды шығарылмайды, 8-жол толтырылмайды, онда "999" коды қойылады. Ұлтын өзгерту жөніндегі материалдар жеке номенклатуралық іске тігіледі.

"09" коды азамат жеке куәлігін жоғалту себебі бойынша 1-н арызды ресімдеу кезінде көрсетіледі. 9, 10, 11-жолдарда жоғалған жеке куәлігінің деректері жазылады, ал 1-н арыздың сыртқы бетіне жоғалған құжатты қалпына келтіру бойынша істің нөмірі және күні жазылады. Паспорты болса, жоғалған жеке куәлігін қалпына келтіру жөніндегі іс ашылмайды, 9, 10, 11-жолдарда қолындағы паспортының деректері көрсетіледі.

"10" коды азамат тіркелген жерін ауыстырған кезде көрсетіледі. 9, 10, 11-жолдарда арызданушының жеке куәлігінің деректері жазылады. Бұл ретте 14-жол (бұрынғы тіркелген жері) міндетті түрде толтырылады.

"11" коды 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспортын немесе оны жоғалтуына байланысты қалпына келтіруде, бұрынғы КСРО-ның жалпыазаматтық шетелдік паспортын, офицердің жеке куәлігін, азаматтығы жоқ адамның куәлігін ұсынған кезде жеке куәлік пен паспортты ресімдеген жағдайларда көрсетіледі.

Құжаттандырылу үшін азаматтар 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорты мен жоғарыда аталған құжаттарды ұсынған кезде (азаматтығы жоқ адамның куәлігін қоспағанда), олардан жеке басты куәландыратын құжаттарды дер кезінде алмау

себептері жөнінде, осы құжаты бойынша тұрған жерін көрсетіле отырып, жазбаша толық түсініктеме (еркін нысанда) алынады, тұрғылықты жерінде тіркелгендігін анықтайтын құжат (тексеру материалына тігу үшін оның көшірмесі), әскери есеп туралы мәліметтер (әскери билетінің көшірмесі).

1-н арызды көрсетілген құжаттардың негізінде ресімдеу өтініш берушінің ҚР азаматтығына қатыстылығын анықтау үшін тіркеу заңдылығын анықтағаннан кейін жүргізіледі, яғни облыс орталықтарының мекен-жай-анықтама бюроларынан немесе аумақтық әділет органдарының картотекаларынан, сондай-ақ ПИК (пәтер карточкалары бойынша), селолық, ауылдық округтердегі шаруашылық кітаптарынан тіркелгендігі туралы мәліметтер сұратылады. Тіркелу фактісін анықтау үшін бұрынғы тұрған жерлері бойынша сауалдар жіберіледі. Осындай тексеру паспортта қойылған тіркеу мөрінің түпнұсқалығына күмән туындаған кезде жүргізіледі.

Қызметкер аталған тұлғаға паспорттың берілгендігін және фотосуреттердің ұқсастығын растау, сондай-ақ ерекше белгілерінің болу мәніне тексеру жүргізу үшін (мысалы, азаматтығы, ауыстыруы, паспортты жоғалтуы, құзыретті органдардың сауалдары туралы) осы паспортты берген органнан азаматтың фотосуреті бар 1-н арызының көшірмесін міндетті түрде сұратады. Егер 1-н арызының көшірмесінің қызметтік белгілер деген бағанында құзыретті органдардан бұрын келіп түскен хабарламалар туралы жазба болса, онда осы мекен-жайлар бойынша адам туралы қосымша ақпарат алуға сауал жіберіледі. 1-н көшірмесі тексерілген материалдарға тігілді. 1974 жылғы үлгідегі паспорт белгіленген тәртіппен жойылуы тиіс, ал оның деректері ресімделетін 1-н арыздың 9, 10, 11-жолдарына жазылады.

Өтініш білдірушінің Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттары болмаған кезде, өтініш білдірушілер ҚР азаматтығын растайтын құжаттар алу үшін ішкі істер органдарына жіберіледі.

"14" коды 1-н арызды елді мекен атауының өзгеру себебі бойынша ресімдеу кезінде көрсетіледі. 14-жол толтырылмайды, ал 9, 10, 11-жолдарда қолындағы жеке куәлігінің деректері жазылады.

"15" коды 1-н арызды Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін шетелден қайтып оралған Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәлік ресімдеу кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 14-жол (бұрынғы тұрғылықты жері) толтырылады, ал 9, 10, 11-жолдарда арызданушының қолындағы Қазақстан Республикасы паспортының деректері жазылады.

"16" коды құжаттарды дайындаудың жаңа технологиясына (түсті фотосурет, тұрғылықты жерін жазу, штрих код және т.с.с.) сәйкес олардың түрлерінің өзгеруіне байланысты иесінің қалауы бойынша 1-н арызды жеке куәлікке және паспортқа ресімдеу кезінде көрсетіледі.

1-н арыздың 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12-жолдары 1-н арызды ресімдеу үшін негіз болған құжатына сәйкес толтырылады. 1-н арызындағы және паспорттар, жеке куәліктер алуға төлеген түбіртегіндегі тегі, аты, әкесінің аты бірдей болуы керек. 7-жолда ерлерге - 1, әйелдерге - 2 саны қойылады.

1-н арызда 9, 10, 11-жолдар кодтарды бірге қоя отырып, 1-н арызды ресімдеу үшін негіз болған құжатқа сәйкес толтырылады:

"01" туу туралы куәлік;

"02" 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты;

"03" Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

"15" азаматтығы жоқ адамның куәлігі (адамды Қазақстан Республикасының азаматы деп таныған жағдайларда).

"04" жалпы азаматтық шетел паспорты;

"06" офицердің жеке куәлігі (тек бұрын жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған әскери қызметшілері үшін);

"08" Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағаны туралы белгіленген нысандағы анықтамасы;

"12" Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.

11-жол қысқартуларсыз толтырылады, құжатты берген қалалық, аудандық органның атауы, сондай-ақ облыстың атауы, Астана, Алматы қалалары толық көрсетіледі.

1-н арыздың 12-жолында Қазақстан Республикасының аумағында туған азаматтар үшін көрсеткен құжатына сәйкес тиісті жолдарда - облыс, Астана, Алматы қалалары, аудан және оларға тиісті кодтар, елді мекен жазылады. Шетелде туғандарға тиісті жолдарда елдің, облыстың (өлкенің) ауданның, елді мекеннің атауы жазылады, бұл ретте тек елдің коды көрсетіледі, басқа кодтар қойылмайды.

1-н арыздың 13, 14-жолдары тиісті жолдарда арызданушының қазіргі және бұрынғы тіркелген тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіле отырып, толтырылады. 14-жол тіркелген жерін өзгерткен және Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін қайтып оралған кезде толтырылады.

1-н арыздың 15-жолы Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдарды ресімдеу кезінде толтырылады. Тиісті жолдарда арызданушы бұрын азаматы болған ел және азаматтықты қабылдау туралы анықтамаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған күні көрсетіледі.

1-н арыздың 16-жолы арызданушының отбасы жағдайына сәйкес 1, 2, 3, 4 кодтарын қою арқылы толтырылады. 2 кодын қою кезінде жұбайының тегі, аты, әкесінің аты, некенің тіркелген күні және тіркеген орган, жұбайлардың некеге тұрғанға дейінгі тегі жазылады.

1-н арыздағы 17-жолының тиісті жолдарға 16 жасқа дейінгі балалардың тегі,

аты, әкесінің аты жазылады. Егер арызданушының 16 жасқа дейінгі балалары үштен көп болса, олар туралы мәлімет 1-н арызға жапсырылатын "17-жолға қосымша" деген жазба енгізілген бөлек парақта жазылады.

1-н арыздың 18, 19-жолдарында ата-анасының тегі, аты, әкесінің аты және олардың туған күні жазылады. Арызданушыда ата-анасы туралы қандай да бір мәлімет болмаған жағдайда осы мәліметтерге тиісті жолдар толтырылмайды. Ата-анасының бірі немесе екеуі туралы мәліметтер мүлде болмаған жағдайда тиісті жолда "МӘЛІМЕТТЕР ЖОҚ" деген жазба жазылады.

1-н арыздың 20-жолында құжатты беретін қызметкер паспорттың нөмірін және дайындалған күнін, иесінің құжаттарды алған күнін, оның қолын, қызметкердің тегі мен қолын көрсетеді.

Ескерту. 17 тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

18. Құжаттар үшін төлем туралы түбіртектерде 1-н арыздардың нөмірлері жазылады. Түбіртектер ревизиялық-қаржылық тексеріс өткізілгенге дейін 1-н арыздар ресімделген жері бойынша әділет органдарында сақталуы тиіс, содан кейін қатаң есептегі бланкілердің ревизия актісінде құжаттардың жалпы сомасын көрсете отырып жойылады.

19. Жеке басын куәландыратын құжатты алуға 1-н арызды ресімдеген күннен бастап 2 ай мерзімнен кешіктірілмей беріледі.

Азаматтардың өтініші бойынша, жеке басты куәландыратын құжатты қысқалау мерзімде алу үшін, құжаттарды ақылы негізде жеделдетіп әзірлеуді қ о л д а н у м ү м к і н .

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігінің 2005 жылғы 18 маусымдағы N 160 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

20. Ресімделген 1-н арыздарды әділет органдары құжаттарды дайындауға м ы н а д а й т ә р т і п п е н ж і б е р е д і :

Ресімделген 1-н арыздарға әділет органдарының аудандық және қалалық құжаттандыру және тіркеу бөлімшелері 3 дана тізілім (7-қосымша) толтырады, онда 1-н арыздың нөмірі, арызданушының тегі, аты, әкесінің аты, толтырған күні , тізілімге енгізілген 1-н арыздардың саны (оның ішінде жеке куәліксіз паспорттарды дайындауға, жеке куәлікпен бірге паспорттарды дайындауға, тек жеке куәлікті дайындауға жеке-жеке) көрсетіледі.

Тізілімнің екі данасы 1-н арыздарымен бірге облыстардың, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаментіне жіберіледі.

Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменті аудандық, қалалық бөлімшелерінен алған тізілімдер мен 1-н арыздарының негізінде аудандық, қалалық құжаттандыру және тіркеу бөлімшесінің атауын, аудандық,

қалалық тізілімдердің шығыс нөмірлерін және толтырылған күнін, олардағы 1-н арыздардың санын көрсете отырып, 3 данада тізілімдер жинағын (8-қосымша) т о л т ы р а д ы .

Тізілімдер жинағының екі данасына аудандық, қалалық бөлімшелерінің тізілімінің екінші данасын қоса бере отырып, Әділет департаменті бөлімінің бастығы қол қояды және ол ҚР ӘдМ ТҚК-не жіберіледі.

Тізілімдер жинағының бір данасы және қалалық, аудандық бөлімшенің тізілімінің бір данасы соңғы ревизия жүргізілгеннен кейін 3 жылдан артық мерзімге сақтау үшін Департаменттің жеке номенклатуралық ісіне тігіледі.

Облыстардағы, Астана, Алматы қалаларындағы Әділет департаменттерін тексерген кезде анықталған 1-н арыздар пысықтау үшін қайтарылуы тиіс, аудандық, қалалық бөлімшелердің тізілімдерінен алынады және тізілімдер жинағын құрастырған кезде есепке алынбайды.

ҚР ӘдМ ТҚК-сі 1-н арыздардың дұрыс толтырылуын тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ деректер базасындағы адам туралы мәліметтердің сәйкес келмеуіне байланысты "АӨО" РМК-дан 1-н арыздарды қайтару кезінде негізсіз құжаттандыру фактілерін анықтау жөніндегі жұмысты жүргізеді.

1-н арыздарды аудандық, қалалық бөлімшенің тізілімімен және Әділет департаменті бөлімінің тізілімдер жинағымен бірге ҚР ӘдМ ТҚК-нен құжаттарды дайындау үшін "АӨО" РМК-ның өндірісіне береді, 1-н арыздар мен құжаттармен бірге одан әрі облыстардың, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменттеріне жіберу үшін қайтарылады.

21. Жеке куәліктер мен паспорттарды "АӨО" РМК-да дайындау 1-н арыздардың өндіріске келіп түскен күнінен бастап 15 күнге дейінгі мерзімді құрайды. Құжаттарды басып шығару кезегін ҚР ӘдМ ТҚК-сі айқындайды.

Келіп түскен 1-н арыздар ішінен құжаттарды бірінші кезекте басып шығару қажет болған жағдайда ҚР ӘдМ ТҚК-сі алғаны туралы белгі жасай отырып, тізілімнен осы арыздарды алады және осы 1-н арыздарды "АӨО" РМК-ға өндіріске жіберуге жеке тізілімдер (9 қосымша) жасайды.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрлігінің 2005 жылғы 18 маусымдағы N 160 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

22. Жіберілген қателері үшін ҚР ӘдМ ТҚК-сі пысықтауға қайтарған 1-н арыздар облыстық, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменттеріне түскен күннен кейін кемінде 10 күн мерзімде пысықталуы керек, мұнан кейін олар құжаттарды дайындауға жеке тізілімдермен жіберіледі. Бұл ретте ілеспе хатта пысықтауға қайтарылған осы 1-н арыздар тізілімдерінің бұрынғы шығыс нөмірлері міндетті түрде көрсетіледі (әрбір 1-н арыз бойынша шығыс N жеке көрсетілуі қажет). Пысықтауға қайтарылған 1-н арыздар тіркеу журналында (10-

1-н арыздар бойынша құжаттар пысықтаудан кейін және жазбалардың дәлсіздігі бойынша "АӨО" РМК-да бірінші кезекте дайындалуы тиіс.

23. Дайындалған жеке куәліктер мен паспорттарды облыстық, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаментіне жіберу кезінде ҚР ӘдМ ТҚК-сі 2 данада тізілім құрастырады (11 қосымша). Бір данасы ҚР ӘдМ ТҚК-да қалады, ал тізілімнің екінші данасы тізілімге енгізілген басылып шыққан қосымшасымен ("АӨО" РМК диспатчы) 1-н арыздармен және дайындалған құжаттармен бірге облыстық, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменттеріне жіберіледі.

24. Облыстық, Астана, Алматы қалаларының Әділет департаменттері ҚР ӘдМ ТҚК-дан келіп түскен 1-н арыздар мен дайындалған құжаттардың тізілімін тіркеу журналында (12 қосымша) тіркейді. Келіп түскен 1-н арыздар және дайындалған құжаттар аудандық, қалалық бөлімшелерге бөлінеді және оларға тізілім бойынша беріледі (13 қосымша). Тізілімдер жеке номенклатуралық іске түзіледі.

25. Келіп түскен тізілімдер және дайындалған құжаттармен бірге 1-н арыздар аудандық, қалалық әділет органдарында есепке алу журналында тіркелінеді (12 қосымша). Тізілімдер ревизиядан кейін кемінде 3 жыл сақтау мерзімімен жеке номенклатуралық іске тігіледі.

26. Дайындалған құжаттарды арызданушылардың қолына уақытылы беруді бақылауды әділет органдарының құжаттандыру және тіркеу бөлімдерінің қызметкерлері жүзеге асырады.

27. Берілген жеке куәліктер, паспорттарға арналған 1-н арыздар әділет органдарында арнайы картотекаларда сақталады.

1-н арыздарының картотекаларда сақтау мерзімі - 75 жыл.

28. Картотека оларды ресімдеу және азаматтардың тіркелу жері бойынша әділет органдарының өрт-күзеттік сигнализациямен жабдықталған, терезелері торланған, қалың қабырғамен сенімді жабылған, темір есікпен қапталған жеке оқшауланған үй-жайларда орналасуы қажет.

Дайындалған құжаттарға арналған 1-н арыздарды жоғалтпас үшін картотекамен жұмыс істеу үшін оның сақталуына жауап беретін функционалды міндеттер жүктелетін қызметкерлер бөлінеді. Функционалдық міндеттеріне осы жұмыстар жатпайтын қызметкерлердің картотекаға кіруіне үзілді-кесілді тыйым салынады.

1-н арызды картотекаға орналастыру құжаттарды иелеріне беру фактісі тексерілгеннен кейін және 2-н журналмен салыстырып тексерілгеннен кейін жүргізіледі.

1-н арызды картотекаға орналастыру қатаң түрде әліпби ретімен жүргізіледі. Тегі бірдей әріптен басталатын адамдардың 1-н арызы теріліп алынады және тегінің екінші әрпі бойынша, одан кейін үшінші т.с.с. алфавит ретімен

о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

Мысалы: Абдықалықов, Авдеев, Ағыбергеннов;
Базаров, Баитов, Бақтұрсынов және т.б.

Тегі бірдей адамдардың 1-н арыздары картотекаға аты мен әкесінің аты бойынша әліпби ретін сақтай отырып орналастырылады.

Мысалы. Азаров Алексей Антонович, Азаров Алексей Артемович, Азаров Алексей Васильевич және т.б.

1-н арызда тегі, аты, әкесінің аты бірдей болған жағдайда туған жылы бойынша өсуі ретімен, одан кейін туған жерінің қала, аудан, елді мекендері бойынша әліпби ретімен орналастырылады.

Мысалы: Баринов Аркадий Исаевич, 1966 жылы туған,
Баринов Аркадий Исаевич, 1963 жылы туған, туған жері Алматы,
Баринов Аркадий Исаевич, 1963 жылы туған, туған жері Балқаш.

Сол сияқты мемлекеттік тілде толтырылған 1-н арыздар мынадай тәртіппен алфавит бойынша орналастырылады:

Ә әрпі А әрпіне орналастырылады, бұдан әрі сәйкесінше:
Ғ-Г; І-И; Қ-К; Ң-Н; Ө-О; Ү-Ұ-У; Һ-Х.

1-н арыздарды анықтама алу, көшірмесін түсіріп алу, қызметтік белгілер қою үшін картотекадан алуға 1 жұмыс күннен артық мерзімге алуға жол берілмейді. Уақытша алынған 1-н арыз жұмыс күнінің соңында картотекаға қайтарылуы керек. 1-н арызды картотекадан уақытша алған кезде алынған 1-н арыздың орнына 1-н арызды алу себебі және күні, 1-н арыз уақытша қолында болатын адамның тегі мен лауазымы жазылған қызметкердің қолымен куәландырылған 1-н арыздың көшірмесі салынады. 1-н арызды басқа мемлекеттік органдарға беруге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Азаматтардың құжаттарды жоғалтуымен немесе олардың басқа мемлекеттің азаматтығын қабылдауымен байланысты құзыретті органдарынан хабарламалар мен сұрау салулар түскен кезде әділет органдарының қызметкерлері тиісті белгілер енгізу үшін 1-н арыздардың картотекалары бойынша тексеріс жүргізеді.

3. Жоғалғандарының орнына жеке куәлік пен паспорт беру

29. Жеке куәлігін, паспортын жоғалтқан азаматтар тіркелген жері бойынша әділет органдарына құжаттарын қайда, қашан және қандай жағдайда жоғалтқанын көрсете отырып, өтініш береді, олардың тіркелген тұрғылықты жерін растайтын азаматтарды тіркеу кітабын, фотосуреттерін ұсынады. Азаматтар жеке куәлігін немесе паспортын жаңа жерге көшкен кезде жоғалтқан жағдайда, жоғалған құжаттарды қайта қалпына келтіруді жаңа тұратын жері

бойынша әділет органдары жүргізеді.

Егер азамат әділет органының осы бөлімшесінде құжаттандырылған жағдайда, жеке басын куәландыратын құжаттарды жоғалтқаны туралы іс 10 күн мерзім ішінде аяқталуы тиіс.

Өтініштер негізінде (14 қосымша) жоғалғаны туралы іс (15 қосымша) жүргізіледі, келешекте материалдар осында жинақталады: құжаттарын жоғалтқаны туралы өтініш беруші адам туралы мәліметтер (16 қосымша), өтініш иесінің түсініктемесі, тұрғындарды есепке алу кітабының көшірмесі, 1-н өтінішінің көшірмесі, жеке басын куәландыратын жоғалған құжаттар туралы материалдарды тексеру жөніндегі қорытынды. Істерге нөмірлер беріледі: алымы - өтініш берушіні тіркеу нөмірі, бөлімі - осы жылғы істердің реттік нөмірі. Жоғалған құжаттарды қалпына келтіру бойынша істер журналда (17 қосымша) тіркеледі.

Егер жеке басын куәландыратын құжаттар арызданушының тіркелген жерінен алынбаған болса, осы адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарды растау және олардың жеке басы туралы мәліметтер алу үшін арызданушының фотосуреттерімен қоса олардың берілген жері бойынша әділет органдарына сұрау салынады (18 қосымша).

Сұрауда көрсетілген мәліметтер және оған тіркелген фотосуреттер 1-н арыздың деректері және фотосуреттерімен салыстырылады. Сұрау салудың бастамашысына әділет органдарының мөрімен куәландырылған, бір мезгілде 1-н арызында сұрау салудың келуі және сұрау салуды жіберген органның атауы туралы белгі қоя отырып, 1-н арыздың көшірмесімен қоса жауап жіберіледі (19 қосымша).

Жеке басын куәландыратын құжаттарды жоғалтумен байланысты сұрау салулар азаматтардың арыздары түскеннен кейін келесі күннен кешіктірмей жіберіледі, ал жауаптар сұрау салудың бастамашысына ол түскеннен кейін 48 сағаттан асырылмай қайтарылады.

Әділет органының картотекасында құжат беру жері бойынша 1-н арыздың түпнұсқасы болмаған жағдайда, оның көшірмесі ҚР ӘДМ ТҚК-дан сұралынады. ҚР ӘДМ ТҚК Құжаттандыру бойынша жұмысты ұйымдастыру басқармасының мөрімен куәландырылған көшірме картотекаға енгізу үшін әділет органдарына жіберіледі.

Картотекада 1974 жылғы үлгідегі паспорттың 1-н арызының түпнұсқасы болмаса, ескі үлгідегі паспорттың берілгендігі қызметкердің қолы және паспорттық елтаңбалы мөрмен куәландырылған 2-н (1974 жылғы үлгідегі паспортты азаматтарға беру есебі) кітабындағы жазбамен расталады. Азамат фотосуретінің ұқсастығы фотосуреті бар қосымша талап етілетін құжаттары (әскери билет, ерекше жағдайларда жүргізушінің куәлігі) бойынша қайтадан

тексерілуі мүмкін. Бұл жағдайда қызметкерлер азаматтың жақын туыстарын, не оны кемінде 15 жыл білетін (екі немесе одан да көп адам) адамдарды тарту арқылы азаматтың жеке басын растау анықтамасын жасайды.

Фотосуреттерді салыстыру кезінде онда бейнеленген адамдардың ұқсас болмауы немесе жеке басын куәландыратын құжаттардың иелері туралы сұрау салуда көрсетілген мәліметтердің 1-н арызындағы деректермен сәйкес болмауы анықталған жағдайда, бұл туралы арызданушының жеке басын және алшақтықтың себебін анықтауға қосымша шаралар қабылдау үшін сұрау салудың бастамашыларына хабарланады.

Арызданушыға жоғалған жеке басын куәландыратын құжаттарды беру және олардың жеке басын анықтау расталған жағдайда, жоғалғанның орнына куәлік беру туралы әділет органдарының қызметкерлері қол қойған қорытынды шығарылады (20 қосымша). Жаңа жеке басын куәландыратын құжаттарды ресімдеу кезінде 1-н арыздағы 9-жолда жоғалған жеке куәліктің нөмірі, ал 1-н арыздың сыртқы бетінде жоғалту жөніндегі істің нөмірі жазылады.

Азаматтарды жеке басын куәландыратын құжаттардың біреуі бар болған кезде (жеке куәлік немесе паспорт) жоғалту туралы іс қозғалмайды. Бұл жағдайда 1-н арыздағы 9, 10, 11-жолдарда қолда бар құжаттың деректері жазылды. Бұл ретте жоғалған жеке басының құжаттарын ресімдеген әділет органдарына 1-н арызға белгілер енгізу үшін тек хабарлама жіберіледі, 1-н арыздың көшірмесі с ұ р а л м а й д ы .

Егер жоғалған құжаттар жоғалту туралы іс жабылғанға және жаңа 1-н арыз ресімделгенге дейін табылса, онда жоғалту туралы іс жабылады және табылған құжаттар иесіне қайтарылады. Жаңа құжаттарға 1-н арыз өндіріске жіберілген жағдайда, табылған құжаттар алынып қойылады және осы Нұсқаулықтың 48-тармағында белгіленген тәртіппен акті бойынша жойылады.

Жеке басын куәландыратын барлық табылған құжаттар әділет органдарына т а п с ы р ы л а д ы .

Әділет органдарына келіп түскен, табылған және түскен күннен бастап бір ай ішінде иелері талап етпеген жеке куәліктер, паспорттар осы Нұсқаулықтың 48-тармағында белгіленген тәртіппен табылған, бірақ талап етілмеген ретінде ж о й ы л а д ы .

Ескерту. 29 тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2008.02.27 N 51 Бұйрығымен.

30. Жеке басты куәландыратын құжаттың жоғалғаны туралы хабарлаған азаматтың арызы бойынша оған тіркеуге тұруға мүмкіндік беретін уақытша жеке куәлік беріледі.

31. Жеке басты куәландыратын құжаттарды тұрғылықты емес жерінде жоғалтқан жағдайда әділет органдары азаматтардың арызы бойынша уақытша жеке куәлікті оларға тұрғылықты жерлеріне оралу үшін беруі мүмкін.

32. Азаматтардың паспорттары, жеке куәліктері ұрланған жағдайда жоғалған құжаттарды қалпына келтіру жөніндегі істер ішкі істер органдары берген анықтамалардың негізінде ресімделеді.

4. Ұлты қазақ адамдардың тегі мен әкесінің атының жазылуын өзгертуге байланысты Қазақстан Республикасының азаматтарына құжаттар беру

33. Қазақ халқының қалыптасқан дәстүрлеріне сәйкес тегін, атын, әкесінің атын жазу Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы" 1996 жылғы 2 ақпандағы N 2923 Жарлығының талаптарына сәйкес жасалуы к е р е к .

Ұлты қазақ адамдар тегін, атын, әкесінің атын өзгерту туралы өтінішпен әділет органдарына жүгінген кезде азаматтар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде өздері қалайтын тегін, атын, әкесінің атын, ауыстырылуы тиіс құжаттары туралы мәліметтерді көрсете отырып арыз береді.

Өтінішке мына құжаттардың біреуі қоса беріледі:
туу туралы куәлік (бірінші рет жеке куәлік алатын кезде);
ауыстыруға жататын жеке куәлік, паспорт;
офицердің жеке куәлігі (бұрын жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған әскери қызметшілері үшін ғана);

Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдағаны туралы белгіленген н ы с а н д а ғ ы а н ы қ т а м а .

Қажет болған жағдайда өтініштің негізділігін растайтын қосымша материалдар талап етілуі мүмкін.

Қазақ халқының дәстүріне сәйкес тегінің, әкесінің атының жазылуын өзгертуге ниет білдірген Қазақстан Республикасы азаматтарына 1-н өтінішін ресімдеуге мынадай талап қойылады.

1-н өтінішінің 1 жолында паспорт, жеке куәлік беру себебі - "04" кодта көрсетіледі (тегінің, әкесінің атының жазылуын өзгерту).

2-жолда өтініш берушінің қалауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде тегі жазылады, 3-жолда - аты, ал 4-жолда - қазақ тіліне тән емес қосымшаларын (-ов, -ев, -ова, -ева, -ин, -ина, -н, -на, -ович, -овна, -евна) алып тастай отырып, алайда тегі мен әкесінің атының түбір негіздері сақтала отырып жазылады. Бұл ретте әкесінің атын жазғанда әкесінің есіміне адамның жынысына қарай "улы,

ұлы; кызы, қызы" қосымшалары жалғанады, мысалы, Наурызбаев Булат Керимович, Наурызбаев Болат Керимұлы болып немесе Наурызбай Болат Керімұлы болып жазылады.

Бұдан басқа, қазақ тіліне тән емес тегіндегі, атындағы, әкесінің атындағы әріп тіркестері алып тасталады, мысалы, Джандосов Джумабай Джандосович болып жазылған болса, ол Жандосов Жумабай Жандосович болып, Чоканов Рыскали Джумабаевич, ол Шоканов Ырыскали Жумабаевич болып жазылады.

Арнайы есептерді жүргізу ережесінің 27-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық басқармасына азаматтың тегін, атын, әкесінің атын ауыстыруы туралы мәліметтер жолданады.

2, 3, 4-жолдардан төмен енгізілген өзгерістердің астынан өтініш берушінің тегінің, атының, әкесінің атының бұрынғы жазылуы көрсетіледі (21-қосымша).

